




Тараз қ. Орталықтандырылған көпшілік кітапханалар жүйесі



Шынның жүзі – Шераға

Тараз - 2022

A scenic view of a mountain range with a valley in the foreground. The mountains are rugged and covered in snow or light-colored rock. The valley is a mix of green and brown, suggesting a mix of vegetation and dry earth. The sky is a pale, hazy blue.






Шерхан Мұртаза. Бұл есімнің халық жадында жатталғанына елу жылдан асып кетті. Сол елу жылда әдебиет пен журналистикаға небір таланттар келіп қосылды. Бірақ олардың арасында Шерхан Мұртазаның жұлдызы еш көмескіленбей, қайта бұрынғыдан да жарқырап, әр жүрекке нұр құя түсті.

Құрметті оқырмандар, біздің кітапхана сіздерге арнап шындықтың шырақшысы атанған қайсар мінезді қаламгер, мемлекет және қоғам қайраткері, халық жазушысы Шерхан Мұртазаның 90 жылдығына орай «Шынның жүзі – Шераға» атты виртуалды көрмесін әзірледі.

Бір кезде «айналасы жұп-жұмыр тегіс келген» әңгімелерден бастаған жазушы қазақ әдебиетіне көп томдық роман әкелген санаулы қаламгердің биігіне көтерілді. Қызметін баспаның редакторлығынан бастап, ұзақ жылдар республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының басшысы, Парламент депутаты болып, қаламгерлік пен қайраткерлікті қатар алып жүрді.


Шерхан Мұртазадай қайраткерлік қызметін қалдырмай жүріп, том-том романдар жазған жазушылар тым сирек. Ол - халқының басындағы аласапыран, алапат кезеңнің жауапкершілігін жетік сезініп, зіл батпан жүгін қара нардай көтеріп қана қоймай, шымшытырық шатасқан өз заманының ой жібін шамасы жеткен жерге дейін таратып кетуге талпыныс жасады. Коммунист, редактор Шерхан партия шақыруына үн қосып жазды деген шығармаларының өзінде ой жібі шатаспаған, өткінші саясаттың жетегінде кетпеген. Тіпті заманының қаһарманын жасаймын деп жасандылыққа бармаған.





821.512.122(574.52)
М84

Мұртаза, Ш. Таңдамалы
[Мәтін] : [әңгімелері, хикаяттары,
мақалалары, роман, пьесалары] /
Шерхан Мұртаза. - Алматы:
Айғаным, 2017. - 1116 б.



Қазақ әдебиетіне Сәбит, Ғабит, Ғабиден бастаған алыптар шоғырының ізін ала келген үркердей топтың көрнекті өкілдерінің бірі, белгілі көркемсөз шебері, қоғам қайраткері Шерхан Мұртазаның бұл жинағына әңгімелері, хикаяттары, драмалық туындылары, бірді-екілі романдары еніп отыр. "Әдебиет - ардың ісі" дегендей, бүкіл шығармашылық ғұмырында жазу өнеріне соншалықты жауапкершілікпен, ыждағаттылықпен қарап көркемдіктің биік шыңын бағындыра білген айтулы қаламгердің туындылары қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылды десек, артық айтқандық емес. Көркем шығармашылықты жемісті қоғамдық қызметімен ұштастыра білген, автордың азаматтық болмысы, парасат-пайымы еліміз тәуелсіздік алған кезеңде жарқырай көрінді.

**84(5Қаз)
М84**

Мұртаза, Ш. Бір кем дүние
[Мәтін] : ойтолғау / Шерхан
Мұртаза. - Алматы: Жазушы,
2008. - 176 б.



Қазақтың халықтық қам-қайғысын, ұлттық мүддесін өзі атқарған қай қызмет саласында да, ұзақ жылғы қаламгерлік кәсіп-қарекетінде де үнемі айтып, үздіксіз қозғап келе жатқан абыз жазушысының тың тұрпатты, жаңаша сипатты бұл көркем ойтолғауларын кемел суреткерліктің кемеңгерлікке ұласқанының көрінісі деп қабылдаған абзал. Өйткені халықтық қалпымыз бен салтымыз хақында, жұрттық келбетіміз турасында, ұлттық рух пен намыс жайында кеше мен бүгінді және ертеңгі болашақты жалғастыра отырып толғанған осы әрі қысқа, әрі нұсқа ойлар елшілдік сезімді оята түсеріне күмән жоқ.

Абыз ақсақал, аңыз жазушы Шерхан Мұртазаның айтқан сөздері:

- *Жерді сату - Анаңды сатумен тең!
- *Айыр тіл жыланда ғана болады, ал адамда тіл біреу.
- *Орындалған арман - бақыт, орындалмаған арман - күйік.
- *Баласыз адам бақытсыз адам.
- *Рухы мен намысы сөнген ел - өлген ел.
- *Көркем әдебиет - ауыр артиллерия болса, публицистика - жеңіл кавалерия.
- *«Тәуелді» деген ұғымды тудырған күштілер мен обырлар.
- *Мәдениеттің мәйегі - кітап
- * Ауыл кетсе, ұлттың ұйтқысы кетеді.
- *Пейілі жаманды құдай табады.
- *Шын жазушының көзі көкірегінде болады.
- *Шындық – ащы һәм ажарсыз.
- * Рухани азып-тозу - өліммен тең.
- *Күйреген рухты қайта көтеру - міне, қазіргі таңдағы басты мақсат осы!
- *Ана тіліміздің мәртебесін көтеру - басқа тілдердің жолын кесіп, бағын байлау емес. «Өзің өлме - өзгені де өлтірме» деген сөз. Зорлықпен тұншықтырылған қазақ тілін тірілту әрекеті. Осы да ұлтшылдық па? Жоқ, әлде әлдекімдердің көңіліне қарап өле беру керек пе?
- *Сақтасан, қазаққа жау болған қазақтан сақта!
- *Рухани әлемі кең, рухы биік ел - қайсар ел. Ондай елді ешкім жеңе алмайды. Рухы сынған, рухани жүдеген елді жеңу де жеңіл.

*Ұйықтап жатқан құмырсқаны көрмедім. Бәрі қыбырлап-жыбырлап жем тасып бара жатады.

Біз ғой түске дейін ұйықтаймыз. Түстен кейін қыдырамыз.

Бай баласы байға ұқсайды,

Байланбаған тайға ұқсайды, - деген осы.

Жалқаумыз.

*Театр көбейсе, түрме азаяды.

*Күнәнің ең үлкені - жас баланы алдау.

*Тура келген ажалға амал жоқ. Ал тежей тұруға болатын сәтте қолұшын бермеу нағыз тасқұдайлық.

*Алтын бар жерде әзәзіл бар.

*Мойныға қарыз қарғыбауын тағып алғаннан артық ауыр нәрсе жоқ.

*Тәуелсіздіктің жолы - қатты, дәмі - тәтті.

*Жаңаның тамыры – көне.

*Жер-ананың өкпе-бауыры - орман. Шыбық шаншы, тал тік!

*Өтірік мақтау - асқа у қосып берумен бірдей.

*Жау жаманы - жарамсақ.

*Онсыз да кірленген дүниені кір басқан дүрбімен қарауға болмайды.


*Рух пен намыс - егіз.

*Бір адамның рухсыз болуы - сор, ал тұтас

ұлттың рухынан айырылуы - қасірет!



821.512.122 Мұртаза, Ш. Ай мен Айша
M84 [Мәтін] / Шерхан Мұртаза. - Алматы:
Дария, 2021. – 354 б.



«Ай мен Айша» романы Шерхан Мұртазаның өз өмірінен сыр шертеді. Романда ашыршылық жайлаған зұлмат жылдарда дүниеге келіп, қазақ зиялылары репрессияға ұшыраған жылдарда әкесінен айырылып, одан кейін Ұлы отан соғысының тауқыметін бастан өткерген қанша қиыншылық көрсе де, еңсесі түсіп езілмей, ағынға қарсы жүзе білген Барысхан деген баланың өмірі және сол балаға өшпестей үміт сыйлап, өмірлік шам-шырағы, қайсар қаһарманы болған анасы Айша жайында баяндалған.

Кітап барша оқырманға арналады.

Шерхан Мұртазаның шығармашылық шеберлігі шыңдалып, үлкен суреткерлікке көтерілгенін танытатын айтулы еңбегі - бес кітаптан тұратын «Қызыл жебе» роман-эпопеясы. Бұл өзі туған әдебиетіміздегі көп томдық романдар дәстүрін сәтті жалғастырған және осы бағытта өзіндік бетбұрыс жасаған шығарма болды. Жазушы Тахауи Ахтанов «Қызыл жебе» романы туралы былай дейді: «Жаңа романда Шерхан тіл жағынан да өсіп, байи түскен.

Кейіпкерлердің өз болмыс-мінезіне сай сөз саптауынан, табиғат суреттерінен авторлық баяндау тебіреністерден бүгінгі проза дәрежесіндегі салиқалы кеңдік, шымыр шырақтық сияқты тіл мәдениетін танымыз». Демек, қаламгердің шеберлігін Тұрар Рысқұлов образын нағыз ұлттық болмысқа ұштастырып жазуынан-ақ көруге болады.



Тарихи-революциялық тақырып аясында жазылған «Қызыл жебе» роман-эпопеясының бірінші кітабынан соң, араға жылдар салып келесі кітаптары да жарық көрді. «Тамұқ» аталған соңғы кітабы 1994 жылы оқырмандар қолына пиді. «Қызыл жебе» роман-эпопеясы қилы Заман тудырған, сол аласапыранда халқым деп қабырғасы қайысқан Шұғар Рысқұловтай ұлы тұлғаның өмір жолын неізіге ала отырып, халық басынан кешкен ауыр сәттерді бар шындығымен көрсетуге ұмтылады.

Сол себепті, Шұғар Рысқұлов тағдыры - халық тағдыры. Оның өмір жолындағы басынан өткен шындықтар халық тағдырындағы, тарихындағы шындықтарды елестетер еді. Сөйтіп роман-эпопеяның соңғы кітаптары («Қыл көпір», «Тамұқ») бүкілхалықтық трагедияны суреттеп көрсеткен, азалы кезең келбетін көз алдымызға алып келген келісті туындылар болып шыққан.



**84(5Қаз) Мұртаза, Ш. Қызыл жебе [Мәтін] :
М84** [Таңдамалы шығармалар жинағы 1 т.
Рысқұл] : роман / Шерхан Мұртаза. -
Алматы: Inter Cinema - TV Service, 2012. -
224 б.

Көрнекті жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» бес томдық эпопеясының бірінші кітабы «Рысқұл» деп аталады. Мұнда ауыл кедейі Рысқұлдың кім екендігі егжей-тегжейлі ашылып, оның тап тартысына деген көзқарасының оянар кезеңі сәтті суреттелген. Рысқұл - Тұрардың әкесі, яғни ол дауылпаз перзентті қолынан ұшырған қасиетті алақан. Қаламгер танымы мол әке бейнесін көркем сомдап, оның тағлымын басқаларға үлгі етіп ұсынады.



Жалпы, Шерхан Мұртазаның көркем шыармаларында дәуір тынысын бейнелеуі жазушылық шеберлігіне ғана емес, өмірді қаншалықты терең зеріттеп білуіне де тікелей байланысты. Жазушы асқақ рухты көркем шыармаларында суреткерлік шеберлікпен көрсете білді. «Қызыл жебе» романының бірінші кітабында Бронников пен Натшаның көмеі арқылы хашпанып, әр нәрсеге зер салып, жіті қарауды үйренген Шұраф, екінші кітапта қоғамдық-әлеуметтік іске бірте-бірте араласа келіп, Әулие-Атада уақытша үкіметті құлапушылардың алдыңғы шебінен көрінген еді. Жазушының шынайы үлкен талант екендігін айқындаған келесі кітабы — «Жұлдыз көпір». Шерханның бұл романы композициясының шымырлығымен,

уақытша желісінің нанымдылығымен, кейіпкерлерінің даралануымен құнды. Бұл кітаптың бірқатар кейіпкерлері шепінен мықты, шепінен парасатты, биік идеяның адамдары. Шұраф Рысқұлов - марксизм-ленинизм ілімін жан-жақты жете меңгерген, принцип-шіл коммунист. Ол жігерсіз ұл болып тумасы. Ол - рухты ер. Меркеде жұмысшы-шаруалардың революция-лық қозғалысының басы-қасында болып, оларға белсене басшылық жасады. Уақытша үкіметті құлапуға бар күш-жігерін тартынбай, бай пәжірбиесін баптыл жұмсап бақты. Жазушы Шұраф Рысқұлов бейнесін тек тарихи фактілермен шектеп, соның шырмауында ғана суреттеме-ген, оның пенделік пішінін, ішкі психологиясын анық та айқын суреттеген.

Ал жетім-жесір, кедей шаруаға деген оның жанашыр ілтипатты айрықша. Шерхан Мұртаза «Қызыл жебе» романының үш кітабын да сәтті жазып шықты. Шығарманы оқығанда бірден көз алдымызға асқақ та айбынды Шұғар Рысқұлов бейнесі келеді. Біз Қазақстан-дағы революция күндерін, сол күндері бастан өткен қиындық пен қайшылық-тарды Шұғардың өмір жолынан танып білсек, қазақ жанашырының жан дүниесін оның іс-әрекеттері арқылы шынайы сезінгендейміз. Автор баяндауында Шұғардың ағзасын сырқат етсе де, көңілін сырқат еткісі жоқ. Сонымен қатар Шұғардың әкесі Рысқұлдың да бейнесін әр сәтте әр пәрлі қырынан көрсеткен. Ең алдымен біз Рысқұлды рухы күшті, намысы биік ұлт азаматы ретінде танимыз. Шұғар әкесінің баптылығы мен қайраптылығына сүйсінеді. Шұғымбайдың жүйрік аты


Қызыл Жебе мініп, көкпар тартқан әкесінің қимылына дән риза болады. Сол кезде-ақ жас бала өмірдің палас пен тартыстан тұратынын, кім баптыл, қайсар болса, сол ғана өз үлесін алатынын ұққандай еді. Шұмысынан зерек Шұғар өзін теі асыл ең жүйрік, ең мықты Қызыл Жебеге теңейісі келеді. Балалардың арасында «Қызыл Жебе» атанып кетеді. Автор қанапты сөздерді қолдана отырып та, Шұғар образын шебер бейнелей білген. Әрбір қанапты сөз оған жаңа рең беріп тұрғандай. Мысалы: «Жүйрік келе жатқан көшең қисық болса да, жүрісің түзу болсын», «Ұлылықтан пенделікке дейін бір-ақ қадам», «Шыын-тебен қымбат емес, адамның ары қымбат», «Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ» «Бас кеспек болса да, піл кеспек жоқ», деген аталы сөздер Шұғар Рысқұлов бейнесіне жабық түсіріп, шыңдалуына зор үлес қосқан.

84(5Қаз)

M84

Мұртаза, Ш. Қызыл жебе [Мәтін].
[Таңдамалы шығармалар жинағы. 2 т.
Тұрар] : роман / Шерхан Мұртаза. -
Алматы: Inter Cinema - TV Service, 2012.
– 252 б.

«Қызыл жебе» эпопеясының екінші кітабы «Тұрар» деп аталады. Тұрар Рысқұлов - ел үшін жанын пида еткен жалынды қазақ, социализм идеясы қазақ даласына гүл боп егіледі деп армандаған халық ұлы. Кітапта Тұрардың азамат және мемлекет қайраткері ретінде қалыптасу кезеңі шебер суреттеледі. Оқырман жүрегі елім, жерім деп соққан кейіпкер Тұрармен жүздесіп, сыр шертіседі.



84(5Қаз)

М84

Мұртаза, Ш. Қызыл жебе [Мәтін].
[Таңдамалы шығармалар жинағы. 3 т.
Жұлдыз көпір] : роман / Шерхан
Мұртаза. - Алматы: Inter Cinema - TV
Service, 2012. – 252 б.


«Жұлдыз-көпір» - «Қызыл жебе» эпопеясының үшінші кітабы. Мұнда Мәскеу тапсырмасымен қазақ жеріне келіп, ел тағдырын көзбен көріп, оның болашағына сенген жалынды Тұрар Рысқұловтың бейнесі тартымды суреттеледі. Жүрегі кең абзал азамат калада да, далада да кісілігінен айнымайды. Ол - ел перзенті, ел мен билік арасына тартылған жұлдыз көпірдей. Үшінші кітапты оқыған оқырманның кейіпкер тағдырын ойлап, шығарма жалғасын тағатсыздана күтуі кәміл.



Жазушы Шерхан Мұртаза бұл шығармасында кейіпкерлердің жан дүниесін тартысты оқиғалар леймен ашуда алғырлық танытқан. Кейіпкерлерді суреттеуде де жазушының асқақ рухын танимыз. Ұлттық әдебиетіміздегі роман саласына елеулі еңбек сіңіріп, қазақ әдебиетін көркемдік деңгейі жоғары туындылармен байытуға үлес қосқан шығармашыл пұтпа ретінде де Шерхан Мұртаза есімін ерекше атауға болады. Қазақ әдебиетіне жетпісіңші жылдардың соңында келіп қосылған «Қызыл жебе» романын жазу барысында қаламгердің архив материалдарын мұқият зергітеп, орыңды пайдалана білуі, табиғат суреттерін әсерлі өрнектеуі, қазақ халқының әдет-ғұрыптарын, географиясы мен этнографиясын еркін теруі романның ұлттық құндылығын арттыра түскен.



84(5Қаз) Мұртаза, Ш. Қызыл жебе [Мәтін]. [4 т. М84 Қылкөпір : роман] / Шерхан Мұртаза. – Алматы: Inter Cinema-TV Service, 2012. – 248 б.




«Қылкөпір» - «Қызыл жебе» эпопеясының төртінші кітабы. Атауы айтып тұрғандай бұл кітапта Тұрардың ашаршылыққа ұшыраған халқының тағдырын көзбен көріп, жоғары билікке бұлтартпай баяндауы тарих аманатындай әділ де көркем суреттеледі. Бұл - бас кейіпкер Тұрар өмірі үшін қылкөпір кезең. Ол уақыт таразысына түскен сәтте ақиқатты айтудың тамбайды, бірақ ақиқат ол күндердің еншісіне жүрмейтін. Тарих айнасы айтқандай Тұрар асыра сілтеудің құрбанына айналды.

Шындықтың шырайын келтіре жазылған шығарма сол күндердің тірі шежіресіндей боп оқырман есінде мәңгі сақталары хақ.


84(5Қаз) Мұртаза, Ш. Қызыл жебе [Мәтін].
М84 [Таңдамалы шығармалар жинағы. 5 т. Тамұқ] : роман / Шерхан Мұртаза. - Алматы: Inter Cinema - TV Service, 2012. - 208 б.

«Тамұқ - «Қызыл жебе» эпопеясының бесінші кітабы. Бас кейіпкер Тұрар халық жауы боп ұсталғанымен оның тамұқта дәлелдеп, мойнына қояр күнәсі жоқ. Адал азамат, елім деп еңіреп өткен өр тұлға. Уақыттың құрбаны болған халық перзентін туған халқы мен тамұқтың өзі ақтап алып, ол жебедей суырылып мәңгі биікте жүрер бейне. Жердің беті мен тамұқ шындығын салыстыра суреттеу арқылы қаламгер Тұрардай асыл азаматтың өлмес бейнесін шебер сомдаған. Бұған сан жылдардан бергі қазақ пен өзге де шет жұрттық оқырмандардың пікірі куә.




821.512.122 Мұртаза, Ш. Ауылды, сені сағынам
М84 [Мәтін]. 1 т. / Шерхан Мұртаза. ;
[жауапты ред. С.Қалиев ; құраст. А.
Мұртаза, Н.Қожамарова]. - Алматы:
Darmen Media, 2022. – 272 б.

Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Шерхан Мұртазаның 90 жылдық мерейтойына арналған бұл кітап Жамбыл облысы әкімінің қолдауымен Жамбыл облысы әкімдігі мен мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Шерхан Мұртаза атындағы руханият және тарихтану орталығының дайындауымен жарық көрді. Қазақ әдебиеті кеңістігінде өз биігі бар, ұлт руханиятының абызына айналған дара тұлға Шерхан Мұртазаның бұл жинағына Жуалы ауданы, Талапты ауылындағы үйінде сақталған қолжазбаларынан үзінділер, студент шағындағы хаттары, кейінгі жылдары жазылған пьесалары, әңгімелері мен күнделіктері енгізілді.



821.512.122 Мұртаза, Ш. Ауылды, сені
M84 сағынам [Мәтін]. 2 т. Күнделік /
Шерхан Мұртаза. ; [жауапты ред.
С.Қалиев]. - Алматы: Darmen Media,
2022. – 304 б.




Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Шерхан Мұртазаның 90 жылдық мерейтойына арналған бұл кітап Жамбыл облысы әкімінің қолдауымен Жамбыл облысы әкімдігі мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Шерхан Мұртаза атындағы руханият және тарихтану орталығының дайындауымен жарық көрді.

Қазақ әдебиетінің қасиетті кеңістігінде өз биігі бар, ұлт руханиятының абызына айналған дара тұлға Шерхан Мұртазаның бұл жинағына Жуалы ауданы, Талапты ауылында сақталған 1949-1979 жылдар аралығындағы күнделіктері топтастырылып, ықшамдалып енгізілді.

Шерхан Мұртазаның қасиетті қаламынан өрілген шындық шығармалары, оның бауырғаннан бояуы, елім-жерім, ұлтым-тілім деген ұрыпты ұстанымдары, әрбір азаматтың көкейіндегісін дәп басатын ой-панымдары бүгінге дейін де палай-палай әдебиет зерттеушілерінің еңбегіне азық болғаны рас, бола беретіні және ақиқат.

Бауырған Момышұлынан кейін мылтықсыз майданның баптыры атанған халық жазушысы Шерхан Мұртаза көркем шығармаларымен ғана емес, шыншыл, бірбеткей, пұралшыл мінезімен қазақ халқының жадында қалды.



*Виртуалды көрме Тараз
қаласы ОККЖ ақпараттық -
библиографиялық қамтамасыз
ету бөлімінде жасалды.*



Instagram

csmb_taraz



Библ Абая